

## MINOR «ҚОҒАМ ЖӘНЕ ОТБАСЫ»

**Бағдарламаның ерекшеліктері:** Жоғары оқу орны білім алушыларына қоғамның әлеуметтік құрылымындағы отбасының орны мен ролін кешенді түрде түсіндіруге бағытталған пәнаралық білім беру бағдарламасы болып табылады. Бағдарлама әлеуметтік ғылымдар, педагогика, психология, әлеуметтану және мәдениеттану салаларындағы теориялық және қолданбалы білімдерді біріктіре отырып, білім алушылардың әлеуметтік ойлауын, талдау және интерпретациялау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Отбасы институтын тарихи, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және құндылықтық контексте қарастырады. Білім алушылар отбасының қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңызын, әлеуметтік жаңғыру үдерістеріндегі өзгерістерін, қазіргі заманғы отбасылық модельдердің трансформациясын ғылыми тұрғыдан зерделейді. Бағдарлама білім беру ортасында білім алушылар үшін үшін қолжетімді болып, болашақ мамандардың кәсіби қызметінде әлеуметтік факторларды ескеруге, отбасымен және қоғаммен өзара әрекеттесудің тиімді тетіктерін қолдануға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, заманауи қоғамдағы әлеуметтік процестерді терең түсінетін, отбасылық және қоғамдық қатынастар саласында ғылыми негізделген шешімдер қабылдай алатын тұлға ретінде қалыптасады.

### **Бағдарламаның мақсаты:**

Білім алушыларға қоғамдағы отбасының орны мен ролін ғылыми тұрғыдан түсіндіру, отбасы институтын тарихи және әлеуметтік-мәдени контексте зерделету арқылы олардың әлеуметтік ойлауын, талдау қабілеттерін дамыту және болашақ кәсіби қызметінде отбасылық әрі қоғамдық қатынастар саласында негізделген шешім қабылдай алатын құзыретті тұлғаны қалыптастыру.

### **Бағдарламаның міндеттері:**

- отбасы институтының қоғамдағы әлеуметтік маңызы мен қызметтерін ғылыми-теориялық негізде түсіндіру;
- отбасының тарихи дамуын және қазіргі қоғамдағы трансформациялық үдерістерін талдау;
- әлеуметтік жаңғыру жағдайындағы отбасылық модельдердің өзгеру ерекшеліктерін анықтау;
- білім алушылардың әлеуметтік ойлауын, сыни талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту;
- кәсіби қызметте әлеуметтік факторларды, отбасылық және қоғамдық қатынастарды ескеру қабілетін қалыптастыру;
- отбасы мен қоғам арасындағы өзара әрекеттесудің тиімді тетіктерін қолдануға үйрету;
- әлеуметтік процестерді ғылыми тұрғыдан бағалай алатын және жауапты азаматтық ұстанымы бар тұлғаны қалыптастыру.

### **Бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелері:**

- ON 1 - білім алушы қоғамның әлеуметтік құрылымындағы отбасының орны мен ролін ғылыми-теориялық тұрғыдан түсіндіре алады;
- ON 2 - отбасы институтының тарихи дамуын және қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы трансформациясын талдайды;
- ON 3 - қазіргі заманғы отбасылық модельдердің өзгеру ерекшеліктерін әлеуметтік және мәдени контексте интерпретациялайды;
- ON 4 - әлеуметтік процестер мен отбасылық қатынастарға қатысты мәселелерді сыни тұрғыдан бағалап, ғылыми негізделген қорытынды жасайды;
- ON 5 - кәсіби қызмет барысында әлеуметтік факторларды, отбасы мен қоғам арасындағы өзара әрекеттесу тетіктерін тиімді қолданады;
- ON 6 - отбасылық және қоғамдық қатынастар саласында жауапты азаматтық ұстаным танытып, негізделген шешімдер қабылдай алады;

ОН 7 - әртүрлі әлеуметтік топтар мен отбасылық жағдайдағы білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті білім беру қағидаттарын әлеуметтік және отбасылық контексте қолдана алады;

ОН 8 - қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, осал топтар және отбасылық саясат мәселелерін талдай отырып, әлеуметтік қолдау мен алдын алу шаралары бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлейді.

**Бағдарламаның мазмұны:**

№	Пәннің атауы	кредит	Сағаттың үйлестірілуі					Пәннің қысқаша сипаттамасы	Қалыптастырыл атын нәтижелері
			лекция	Практ/зерт	СӨЖ	СӨЖ	СӨЖ		
1	Қоғамдағы жастардың әлеуметтік жауапкершілігі және отбасылық мәдениет	5	15	30	30	75	Қоғамдағы жастардың әлеуметтік жауапкершілігі және отбасылық мәдениет пәні жастардың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру мен оның отбасылық мәдениетпен өзара байланысын ғылыми-теориялық және қолданбалы тұрғыда зерттеуге бағытталған. Жастардың мінез-құлқы, құндылықтық бағдарлары, азаматтық ұстанымы және отбасының әлеуметтендірудегі рөлі қарастырылады. Отбасы мәдениетінің трансформациясы, гендерлік рөлдер, ата-ана жауапкершілігі мен ұрпақаралық сабақтастық зерттеледі. Пән әлеуметтік тәуекелдерді азайту, отбасы құндылықтарын нығайту және жастардың қоғамдық белсенділігін дамыту жолдарын көрсетеді. Нәтижесінде студенттерде жүйелі түсінік қалыптасып, әлеуметтік үдерістерді талдау, ғылыми тұжырымдар жасау және кәсіби қызметте қолдану дағдылары дамиды.	ON1 ON2 ON3 ON4 ON5	
2	Отбасы институтының әлеуметтік трансформациясы	4	15	30	30	75	Отбасы институтының әлеуметтік трансформациясы пәні отбасының тарихи эволюциясын және қазіргі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерін зерттеуге бағытталған. Пәнде дәстүрлі үлгілерден заманауи модельдерге өту, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және демографиялық факторлардың отбасы құрылымы мен функциясына ықпалы қарастырылады. Мемлекеттік саясат, әлеуметтік қолдау, гендерлік рөлдер және бала тәрбиесінің жаңа модельдері талданады. Нәтижесінде студенттерде жүйелі түсінік қалыптасып, әлеуметтік үдерістерді талдау және кәсіби қызметте қолдану дағдылары дамиды.	ON1 ON2 ON3 ON5 ON7	

3	Әлеуметтік тұрақтылықтағы жастар мен отбасының рөлі	5	15	30	30	75	<p>Әлеуметтік тұрақтылықтағы жастар мен отбасының рөлі пәні жастар мен отбасының қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылыққа ықпалын ғылыми тұрғыдан талдауға бағытталған. Пәнде олардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси рөлдері қарастырылады. Жастар мен отбасының әлеуметтік нормаларды қалыптастыру, қатынастарды нығайту, әлеуметтік шиеленістерді азайтудағы қызметі зерттеледі. Мемлекеттік және қоғамдық қолдау саясаты, әлеуметтік жауапкершілік пен бейбітшілік механизмдері талданады. Нәтижесінде студенттер жүйелі түсінік қалыптастырып, әлеуметтік үдерістерді талдау және практикалық ұсыныстар жасау дағдыларын дамытады.</p>	<p>ON1 ON2 ON3 ON6 ON8</p>
---	---	---	----	----	----	----	--	--